**ISSN (PRINT) 2959-5649**
**ISSN (ONLINE) 2959-5657**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары»сериясы**
**Серия «Филологические науки»**
**Series «Philological Sciences»**
**№1(95), 2026**

**Алматы, 2026**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**ХАБАРШЫ**
**«Филология ғылымдары» сериясы**
**№1(95), 2026 ж.**

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**
*PhD, зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры* **Сұлтан Е.**

**Бас редактордың орынбасары:**
*филол.ғ.д., проф.* **Абишева С.Д.**

**Ғылыми редактор:**
*филол.ғ.д., проф.* **Есенова К.У.**

**Редакциялық алқа:**
*филол.ғ.к., қауымд. проф.* **Сатемирова Д.А.**
*филол.ғ.к., қауымд. проф.* **Жиренов С.А.**
*филол.ғ.д., проф.* **Османова З.Ж.**
*әл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.к., қауымд. проф.* **Джолдасбекова Б.У.**
*пед.ғ.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ* **Салханова Ж.Х.**
*филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ* **Киынова Ж.К.**
*PhD, қауымд. проф.м.а., Т.Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы* **Жалалова А.М.**
*филол.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті* **Бахтикереева У.М.** (Ресей)
*филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті* **Алексеев П.В. (**Ресей)
*филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур университеті* **Киклевич А.К.** (Польша)
*PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті* **Роллберг П. (**АҚШ)
*PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті* **Табачникова О.М.** (Ұлыбритания)

**Жауапты хатшы:**
*PhD, қауымд.проф. м.а.* **Серикова С.К.**
**Техникалық хатшы:**
*PhD, қауымд.проф.* **Сабирова Д.А.**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2026

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 30.03.2026 қол қойылды.
Пішімі 60х84 1/8. Көлемі 18.25 е.б.т.
Тапсырыс 634.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

## МАЗМҰНЫ
## СОДЕРЖАНИЕ
## CONTENT

### ТІЛ БІЛІМІ

### ЛИНГВИСТИКА

### LINGUISTICS

**Абдиева Г.М., Керимбаева С.Е.** Метаязык цифровой эпохи: как «ключевые слова» формируют картину мира..... 5
**Әбдиева Г.М., Керімбаева С.Е.** Цифрлық дәуірдің метатілі: «кілт сөздер» дүниенің тілдік бейнесін қалай қалыптастырады
**Abdiyeva G.M., Kerimbayeva S.E.** Metalanguage of the digital age: how “keywords” shape the linguistic worldview

**Базарбекова Д.М., Нуржанова А.С., Баймыш Л.Қ.** Жастар тініндегі интернет-сленг: когнитивтік және социолингвистикалық сипаты................................................ 23
**Базарбекова Д.М., Нуржанова А.С., Баймыш Л.Қ.** Интернет-сленг в молодежном языке: когнитивные и социолингвистические характеристики
**Bazarbekova D.M., Nurzhanova A.S., Baymysh L.K.** Internet slang in youth language: cognitive and sociolinguistic characteristics

**Каримова Д.Р., Жумагулова Б.С.** Концептуальные метафоры с лексемой «тайна» в поздних произведениях И.Тургенева............................................................................... 36
**Каримова Д.Р., Жұмағұлова Б.С.** Тургеневтің кейінгі еңбектеріндегі «құпия» лексемасымен байланысты ұғымдық метафоралар
**Karimova D.R. Zhumagulova B.S.** Conceptual metaphors with the lexeme “secret” in Turgenev's later works

**Молдабекова С.А., Иргебаева А.Б.** Специфика функционирования этнокультурной лексики в современной казахстанской прозе (на материале произведения Е.Турсунова «Мелочи жизни»)....................... 51
**Молдабекова С.А., Иргебаева А.Б.** Қазіргі қазақстандық прозадағы этномәдени лексиканың функционалдық ерекшеліктері (Е.Тұрсыновтың «Мелочи жизни» туындысының негізінде)
**Moldabekova S.A., Irgebayeva A.B.** Specificity of ethno-cultural vocabulary functioning in modern Kazakhstani prose (based on E.Tursunov’s work “Melochi zhizni”)

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**ВЕСТНИК**
**Серия «Филологические науки»**
**№1(95), 2026 г.**

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

**Главный редактор**
*PhD, проректор по исследованиям и инновациям* **Сұлтан Е.**

**Зам. гл. редактора**
*д.филол.н., проф.* **Абишева С.Д.**

**Научный редактор**
*д.филол.н., проф.* **Есенова К.У.**

**Редакционная коллегия:**
*к.филол.н., ассоц. проф.* **Сатемирова Д.А.**
*к.филол.н., ассоц. проф.* **Жиренов С.А.**
*к.филол.н., ассоц. проф.* **Османова З.Ж.**
*д.филол.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби* **Джолдасбекова Б.У.**
*д.пед.н., проф. КазНУ им. аль-Фараби* **Салханова Ж.Х.**
*д.филол.н., проф. КазНацЖенПУ* **Киынова Ж.К.**
*PhD, и.о. ассоц.проф. КазНАИ им. Т.Жургенова* **Жалалова А.М.**
*д.филол.н., проф., РУДН* **Бахтикереева У.М.** (Россия)
*д.филол.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет* **Алексеев П.В. (**Россия)
*д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет* **Киклевич А.К.** (Польша)
*PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона* **Роллберг П. (**США)
*PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира* **Табачникова О.М.** (Великобритания)

**Ответственный секретарь:**
*PhD, и.о. ассоц.проф.* **Серикова С.К.**

**Технический секретарь:**
*PhD, ассоц.проф.* **Сабирова Д.А.**

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2026

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.03.2026 г.
Формат 60х84 $^{1}/_{8}$. Объем 18.25 уч-изд.л.
Заказ 634.

050010, г.Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета им. Абая

## ӘДЕБИЕТТАНУ

## ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

## LITERARY STUDIES

**Bezborodova D.E., Kurmanbayeva D.T.** Analysis of the artistic world of fantasy-novel (based on Cassandra Clare’s “Chain of Gold”)........................................................................ 62
**Безбородова Д.Е., Курманбаева Д.Т.** Фэнтази-роман көркем әлемін талдау (Кассандра Клэрдің “Chain of Gold” негізінде)
**Безбородова Д.Е., Курманбаева Д.Т.** Анализ художественного мира фэнтези-романа (на материале “Chain of Gold” Кассандры Клэр)

**Газизов Г.Д. Кемеңгер Қ.Р.** Ахмет Байтұрсынұлы – көркем шығарма кейіпкері..................................................... 71
**Газизов Г.Д. Кеменгер К.Р.** Ахмет Байтурсынулы как персонаж художественного произведения
**Gazizov G.D., Kemenger K.R.** Akhmet Baitursynully as a character in fiction

**Ибраева А.Д., Жүнісбек Н.Р., Сагынбекова Д.Б.** Қазақ прозасының сахналық бейімделуі: инсценировка мен психологиялық интерпретация............................................... 81
**Ибраева А.Д., Жүнісбек Н.Р., Сагынбекова Д.Б.** Сценическая адаптация казахской прозы: инсценировка и психологическая интерпретация
**Ibrayeva A.D., Zhunisbek N.R., Sagynbekova D.B.** Stage adaptation of kazakh prose: staging and psychological interpretation

**Jiang Xuehua, Bai Xiaoyu** The image of China in Russian literature..................................................................................... 90
**Цзян Сюэхуа, Бай Сяоюй** Орыс әдебиетіндегі Қытай бейнесі
**Цзян Сюэхуа, Бай Сяоюй** Образ Китая в русской литературе

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

## PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

**Aminova L.A., Saurbayev R.Zh, Yerekhanova F.T.** Utilizing dramatic texts as a pedagogical tool for the instruction of dialogical communication.................................... 97
**Аминова Л.А., Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т.** Диалогтық қарым-қатынасты бағалау үшін драматикалық мәтіндерді педагогикалық құрал ретінде пайдалану
**Аминова Л.А., Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т.** Использование драматических текстов в качестве педагогического инструмента для обучения диалогической коммуникации

**Abai Kazakh National Pedagogical University**

**BULLETIN**
**Series "Philological Sciences"**
**No. 1(95), 2026.**

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2000.

**Editor-in-chief**
*PhD, Vice-Rector for Research and Innovation* **Sultan E.**

**Deputy editor-in-chief**
*Doctor of Phil. Sciences, Prof.* **Abisheva S.**

**Scientific editor**
*Doctor of Phil. Sciences, Prof.* **Essenova K.**

**Editorial board**
*Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.* **Satemirova D.**
*Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.* **Zhirenov S.**
*Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.* **Osmanova Z.**
*Dr of Phil. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh National University* **Dzholdasbekova B.**
*Doctor of Ped. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh National University* **Salkhanova Zh.**
*Doctor of Phil. Sciences, Prof., Kazakh National Women's Teacher Training University* **Kiynova Zh.**
*PhD, Assoc. Prof., T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts* **Zhalalova A.**
*Dr of Phil. Sciences, Prof., RUDN* **Bakhtikireeva U.** (Russia)
*Doctor of Phil. Sciences, Assoc. Prof., Gorno-Altaysk State University* **Alekseyev P.** (Russia)
*Dr of Phil. Sciences, Prof., University of Warmia and Mazury* **Kiklewicz A.** (Poland)
*PhD, Prof., George Washington University* **Rollberg P.** (USA)
*PhD, Prof., University of Central Lancashire* **Tabachnikova O.** (The United Kingdom)

**Executive Secretary**
*PhD, Assoc. prof.* **Serikova S.**

**Technical Secretary**
*PhD, Assoc. prof.* **Sabirova D.**

©Abai Kazakh National Pedagogical University, 2026

Registered in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 30.03.2026.
Format 60x84 1/8. Volume 18.25
teaching and publishing lists. Order 634.

050010, Almaty, Dostyk Avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh National Pedagogical University

**Berdaliyeva D.A., Manaliyeva A.Zh.** Communicative competence formation based on authentic song material........... 104
**Бердалиева Д.А., Маналиева А.Ж.** Шынайы ән материалы негізінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру
**Бердалиева Д.А., Маналиева А.Ж.** Формирование коммуникативной компетенции на основе аутентичного песенного материала

**Куттубаева И.К., Абилова Б.А., Сейткамалова А.А.** Академическое письмо студентов как форма освоения норм русского языка................................................................ 111
**Куттубаева И.К., Абилова Б.А., Сейткамалова А.А.** Студенттердің академиялық жазуы орыс тілінің тілдік нормаларын меңгерудің тиімді формасы ретінде
**Kuttubayeva I.K., Abilova B.A., Seitkamalova A.A.** Academic writing of students as a form of mastering the norms of the Russian language

**Sambetov Y.S., Semen Y.S.** AI-supported feedback and progress assessment in ELF: pedagogical possibilities and challenges.................................................................................. 120
**Самбетов Е.С., Семен Е.С.** ЖИ арқылы ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудағы прогреске кері байланысы мен бағалауы: педогогикалық мүмкіндіктер мен мәселелер
**Самбетов Е.С., Семен Е.С.** Обратная связь и оценка прогресса в преподавании английского как иностранного языка с использованием ИИ: педагогические возможности и проблемы

**Tukhtakulova A.Zh., Agabekova B.N.** Pedagogical conditions for third language acquisition.................................... 127
**Тухтакулова А.Ж., Агабекова Б.Н.** Үшінші тілді үйренудің педагогикалық шарттары
**Тухтакулова А.Ж., Агабекова Б.Н.** Педагогические условия для изучения третьего языка

**АУДАРМАТАНУ**

**ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ**

**TRANSLATION STUDIES**

**Молдагали М.Б., Абишева С.Д., Сабирова Д.А.** Теория и практика перевода поэтического текста............................ 133
**Молдағали М.Б., Абишева С.Д., Сабирова Д.А.** Поэтикалық мәтінді аударудың теориясы мен практикасы
**Moldagali M.B., Abisheva S.D., Sabirova D.A.** Theory and practice of poetic text translation

**Біздің авторлар**....................................................................... 140
**Наши авторы**.......................................................................... 142
**Our authors**............................................................................. 144

6. Akhmetzhanova Z.K. (2010). Ocherki po natsional'noi kontseptologii [Essays on national conceptology]. Almaty: Eltanym, - 148 p. [in Russian]

7. Rybal'chenko T.L. (2012). Obraznyi mir khudozhestvennogo proizvedeniya i aspekty ego analiza [Figurative world of a literary work and aspects of its analysis]. Tomsk: Izdatel'stvo Tomskogo universiteta, - 130 p. [in Russian]

8. Kondakov B.V., Popkova T.D. (2011). Khudozhestvennyi mir literatury i fenomen detskogo mirosoznaniya stat'ya pervaya [The artistic world of literature and the phenomenon of children's worldview. Article one]. Vestnik Permskogo universiteta. Rossiiskaya i zarubezhnaya filologiya, 4, 130-143. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/hudozhestvennyy-mir-literatury-i-fenomen-detskogo-mirosoznaniya-statya-pervaya [in Russian]

9. Nasriddinov D. (2023). Fantasy genre and its scientific interpretation in theoretical views. Zarubezhnaya lingvistika i lingvodidaktika, 56-62. DOI: https://doi.org/10.47689/2181-3701-vol1-iss2-pp56-62

10. Manna Mostaghim (2022). Zan, Zendegee, Āzādee: the women at the sharp end of resistance in Iran. Shado. Retrieved from https://shado-mag.com/articles/act/zan-zendegee-azadee-the-women-at-the-sharp-end-of-resistance-in-iran/ (date of access: 28.10.2025).

**ҒТАМР 17.82.30** 10.51889/2959-5657.2026.95.1.006

***Газизов Г.Д.[1], Кемеңгер Қ.Р.[2]**

*[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
*Астана, Қазақстан*
**e-mail: gibrat_01mail.ru*
*e-mail: kkemenger@mail.ru*

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – КӨРКЕМ ШЫҒАРМА КЕЙІПКЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының көркем әдебиеттегі бейнесіне сипаттама беріледі. XX ғасырдың басы мен XXI ғасырдың басына дейнгі кезең қамтылған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған шығармалардың ішінен арнау өлеңдер, эпиграммалар, поэмалар қаралды. 30-40 жылдарда жазылған туындылардың ішінен повестер, драмалық пьесалар, романдар көбірек назарға алынды. Алғашқы кезеңде жазылған поэзиялық туындылардағы автор позициясы, көркем шығармадағы идея мен ойдың тереңдігіне зер салынды. Қаламгерлердің ақындық шеберлігі талданды. Екінші кеңестік кезеңде жазылған шығармалардағы саяси реңк пен дәуір ерекшелігі көрініс берген тұстарға талдау жұмысы жүргізілді. Осы сәтте тәуекелге бел буып, тарихи шындықты боямасыз суреттеуге тырысқан жазушылардың еңбегі бағаланды. Саяси себептермен көркемдік шешімді өзгеше қабылдаған авторлардың тұжырымы негізге алынды.

Арнау өлеңдердегі кейіпкер бейнесі талданды. Көркем шығармада жағымды және жағымсыз образдардың ерекшеліктеріне көңіл бөлінді. Осы тақырып аясында ізденіс жүргізген зерттеушілердің пікірлеріне назар аударылды. Ғалымдардың тұжырымдары тақырып аясын кеңейтуде маңызды рөл атқарды. Мақалада А.Байтұрсынұлы жайлы жазылған шығармалар хронологиялық ретпен талданып берілген.

**Түйін сөздер:** көркем бейне, тарихи тұлға, Алаш қайраткерлері, Кеңес үкіметі, таптық көзқарас, саяси реңк, драма

***Газизов Г.Д.[1], Кеменгер К.Р.[2]**

*[1,2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева*
*Астана, Казахстан*
**e-mail: gibrat_01mail.ru*
*e-mail: kkemenger@mail.ru*

# АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ КАК ПЕРСОНАЖ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

*Аннотация*

В статье даётся характеристика художественного образа Учителя нации А.Байтурсынова в художественной литературе. Охватывается период от начала XX века до начала XXI века. Из произведений, написанных в первой четверти XX века, рассматриваются посвящения, эпиграммы, поэмы. Среди произведений 30-40-х годов особое внимание уделено повестям, драмам и романам. В поэтических произведениях раннего периода акцент сделан на авторскую позицию, глубину идеи и замысла. Анализируется поэтическое мастерство писателей. В произведениях советского периода рассматриваются политическая окраска и особенности эпохи. Оценивается труд писателей, которые, рискуя, стремились передать историческую правду без прикрас. Основой послужили выводы авторов, принявших иное художественное решение по политическим причинам.

Обобщены общие черты всех художественных произведений, опубликованных в период независимости. Во всех произведениях заметна последовательность авторов и глубокое понимание темы. Проанализирован образ героя в посвящениях. Особое внимание уделено различиям положительных и отрицательных образов в художественных произведениях. Учтены мнения исследователей, занимавшихся данной темой. Выводы учёных сыграли важную роль в расширении тематических рамок. В статье произведения, посвящённые А.Байтурсынову, проанализированы в хронологическом порядке.

**Ключевые слова:** художественный образ, историческая личность, деятели Алаша, советская власть, классовый подход, политическая окраска, драма

***Gazizov G.D.[1], Kemenger K.R.[2]**

*[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University*
*Astana, Kazakhstan*
**e-mail: gibrat_01mail.ru*
*e-mail: kkemenger@mail.ru*

# AKHMET BAITURSYNULIY AS A CHARACTER IN FICTION

*Abstract*

The article provides a description of the literary image of the national teacher A. Baitursynuly in fictional literature. The period covered ranges from the early 20th century to the early 21st century. Among the works written in the first quarter of the 20th century, dedicatory poems, epigrams, and epics were examined. In the works of the 1930s-1940s, particular attention was paid to novellas, dramatic plays, and novels. The author's perspective, as well as the depth of thought and ideas in early poetic works, were carefully analyzed. The poetic craftsmanship of the writers was also discussed. In works from the Soviet era, the political tone and characteristics of the time were explored. The efforts of authors who boldly tried to portray historical truth without embellishment were acknowledged. The conclusions of those writers who, due to political reasons, took a different artistic approach were taken into account.

Common features of all fictional works published during the period of independence were highlighted. Across these works, the consistency of the authors and their deep understanding of the topic were evident. The image of the character in dedicatory poems was analyzed. Attention was paid to the distinct features of positive and negative characters in fictional texts. The views of researchers who studied this topic were considered. The scholars' conclusions played an important role in broadening the thematic scope. The article analyzes works written about A. Baitursynuly in chronological order.

**Keywords:** literary image, historical figure, Alash activists, Soviet government, class-based approach, political tone, drama

**Кіріспе.** Көркем шығармадағы тарихи тұлғаның бейнесі – әдебиеттану ғылымындағы өзекті әрі күрделі зерттеу нысандарының бірі. Әдеби туындыларда тарихи тұлғаларды көркем бейнелеу арқылы жазушылар тек өткенді сипаттап қана қоймай, сол дәуірдің қоғамдық-саяси жағдайын, рухани келбетін де көрерменге немесе оқырманға жеткізе алады. Бұл – тарихи жадыны сақтау, ұлттық рухты нығайту жолындағы маңызды құралдардың бірі.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар – мазмұндық, көркемдік, идеялық жағынан аса бай жанрлардың қатарында. Әсіресе, XX ғасырдың басынан бастап тарихи тақырыптағы шығармалар жаңа қарқынмен дами бастады. Бұл кезеңде елдің саяси, әлеуметтік өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Қазақ қоғамы ұлт-азаттық күреске бет бұрып, тарихи сахнаға Алаш арыстары сынды қайраткерлер шықты. Осы тұста әдебиет те өз миссиясын тереңірек сезіне отырып, тарихи тұлғалардың өмірі мен күресін арқау еткен өлеңдер, поэмалар, драмалар дүниеге келе бастады. Уақыт өте келе тарихи тақырып кең құлаш жайып, көлемді прозалық жанрларға – повестер мен романдарға ойысты.

Зерттеуімізге арқау болған Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани көсемі, ұлт ұстазы атанған аса ірі тарихи тұлға. Ол – өз заманының ағартушысы, тіл білімінің негізін қалаушы, реформатор, әрі күрескер қайраткер. Сондықтан оның бейнесін көркем шығармаларда бейнелеу – автордан үлкен жауапкершілік пен шеберлік талап етеді. Әдебиеттегі А.Байтұрсынұлының бейнесін талдау арқылы біз тек оның өмір жолын ғана емес, сол дәуірдің тарихи болмысын, халықтың арман-үмітін, күресін де тереңірек түсіне аламыз.

Осы орайда, А.Байтұрсынұлының әдеби бейнесін зерттеу – тарихи сананы жаңғыртуға, жас ұрпақтың тарихи танымын қалыптастыруға, ұлттық болмысты терең түсінуге бағытталған маңызды қадам болмақ.

Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының біртуар перзенті, қазақ зиялыларының көшбасшысы, ұлттың рухани көшін бастаған көрнекті қайраткер. Ол – ақын, аудармашы, ғалым-лингвист, ағартушы, публицист, ұлт ұстазы атанған ірі тұлға. Оның қазақ халқының мәдениеті мен білім беру саласындағы сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ел арасындағы зор беделі мен білімділігі арқасында Ахаң қарапайым ауыл мектебінің мұғалімінен бастап, ұлттық деңгейдегі реформа жасаушы, тұтас бір халықтың рухани тірегіне айналды.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер ішінде аналитикалық (талдамалы) әдіс тиімді нәтиже берді. Бұл әдіс арқылы көркем әдебиеттегі А.Байтұрсынұлы бейнесін жан-жақты ашуға, авторлардың шығармада көтерген идеялары мен астарлы ойларын терең түсінуге мүмкіндік туды. Әдеби кейіпкердің суреттелу деңгейіне, тарихи дәлдікке, көркемдік құралдар арқылы берілген рухани болмысына баса мән берілді.

Сондай-ақ, салыстырмалы-тарихи әдіс те кеңінен қолданылды. Бұл тәсіл арқылы шығармалардың жазылу дәуірі мен тарихи контексті ескеріліп, сол кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайы мен әдеби үдерістегі орны нақты анықталды. А.Байтұрсынұлының өмір сүрген заманы, күрескерлік жолы мен ағартушылық қызметі әдеби шығармаларда қалай көрініс тапқаны осы әдіс арқылы сараланды.

Анализ жасау барысында авторлар қозғаған тақырыптардың өзектілігіне, көркемдік шешімдеріне, образ сомдаудағы ерекшеліктерге көңіл бөлінді. Жекелеген көркем

туындыларды мазмұндап беруден гөрі, сол шығармаларда берілген идея мен көркемдік концепцияға тереңірек үңілу маңызды деп есептелді. Бұл тәсіл зерттеу нысанының мәнін ашуға ықпал етті. Сонымен қатар, синтез жасау арқылы әр түрлі шығармалардағы ортақ идеялар мен концептуалдық бағыттар біріктіріліп, ғылыми мақала мазмұнының тұтастығы қамтамасыз етілді.

**Нәтижелер және талқылау.** Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы – қазақ елінің азаттыққа ұмтылған күресінің айнасы іспеттес. Ол білім саласында жаңа әдістемелер енгізіп, қазақ әліпбиін түзді, тұңғыш рет қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасап, ұлттық баспасөздің негізін қалады. 1913 жылы «Қазақ» газетін шығаруы арқылы елге ақпарат таратудың, саяси ой қалыптастырудың, ұлттық сананы оятудың жаңа белесін ашты. Оның «Маса», «Қырық мысал» сияқты еңбектері арқылы халықты оятуға, надандықтан арылтуға бағытталған ағартушылық идеялары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Алайда осындай ел үшін еңбегі сіңген тұлғаның тағдыры кеңестік биліктің қыспағында қасіретке ұшырады. XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргіннің нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы «халық жауы» деп танылып, жазықсыз қудалауға түсті. «1937 жылы Ұлы тазарту кезінде Байтұрсынов «буржуазиялық ұлтшыл» деп айыпталып, сотсыз үкімге тартылды» [1, 923]. Сол кезден бастап оның есімін атауға, мұрасын зерттеуге және шығармаларын жариялауға тыйым салынды. Бұл туралы профессор Ы.Құттымұратова: «Коммунистік-тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін атауға тыйым салынғаны белгілі. Сөйтіп, 70 жыл бойы Ақаңның рухани мұралары мен оның есімі тарихтан алынып тасталды» [2, 56], – деп жазады.

Кеңестік цензура мен тоталитарлық жүйе Ахметтің ұлттық мұрасын ел жадынан өшіруге тырысқанымен, ұлт санасынан оны мүлде өшіре алмады. Ақыры тарихи әділет салтанат құрып, 1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлының есімі толық ақталды. Бұл оқиға – қазақ тарихындағы маңызды бетбұрыстардың бірі болды. «1988 жылы 28 желтоқсанда Қазақстандағы КОКП Орталық Комитеті Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов және олардың әдеби шығармаларын ақтау қаулысын жариялады» [3, 94]. Сол кезден бастап Алаш арыстарына, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлына да әділ тарихи баға беріліп, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Оның есімі мектептерге, көшелерге, оқу орындарына берілді, еңбектері қайта жарық көріп, ұлт мұрасына айналды.

Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлы – тек қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының мақтанышы. Оның ұлт үшін жасаған еңбегі – ертеңгі ұрпаққа үлгі, тағылым мектебі. Осы ғылыми жұмыс барысында Ахаңның өмір жолы мен рухани мұрасын жан-жақты саралап, оның ұлт тарихындағы орны мен мәнін ашып көрсету – басты мақсатымыз болмақ.

А.Байтұрсынұлының көркем әдебиеттегі бейнесі – қазақ әдебиеттану ғылымында маңызды зерттеу нысанына айналған тақырыптардың бірі. Бұл бағытта Т.Жұртбай, С.Жұмағұл, Г.Орда сынды әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерінде терең зерделеулер жүргізілген. Аталған зерттеушілердің ғылыми еңбектері А.Байтұрсынұлы тұлғасының әдеби бейнесін ашуда бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды. Зерттеу жұмысы барысында олардың пайымдарына сүйене отырып, тұжырымдар жасалды.

Мақаланы жазу барысында А.Байтұрсынұлымен рухани үндестікте болған, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – С.Торайғырұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов, І.Есенберлин сынды қаламгерлердің шығармашылығына назар аударылды. Бұл қаламгерлер өз туындыларында Алаш арыстарының өмірі мен күресін бейнелеу арқылы Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және рухани болмысын ашуға күш салған.

Ел арасындағы шексіз абыройы мен ұлтқа сіңірген еңбегінің арқасында ұлт ұстазы атанған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш арысы, ғалым, ақын әрі аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының көркем әдебиеттегі образы оқырман назарын аудартпай қоймайды. Қайраткер бейнесі өзінің үзеңгілестерімен бірге С.Торайғырұлының «Таныстыру» поэмасында кездеседі:

*...Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов*
*Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.*
*Кешегі қара күнде болмап па еді,*
*Бірі - күн, бірі - шолпан, бірі - айым...»* [4, 64].

Осы тұста қарапайым қазақ пен оқыған қазақ арасында өткен диалогта қарапайым қазақ А.Байтұрсынұлын «шолпанға» теңегенін байқау қиын емес. Демек, А.Байтұрсынұлының көзі тірісінде қарапайым халық арасында зор беделге ие болғаны айдан анық көрінеді.

1918 жылдың жаз айында А.Байтұрсынұлы, Р.Мәрсекұлы, М.Дулатұлы, С.Аманжолұлы бастаған Алаш қайраткерлері Шәуешек қаласында тұратын қандастарымызбен кездесуге аттанады. Сапар барысында Ахмет пен Міржақып халықпен кездесіп, Алашорда үкіметінің іске кіріскенін мәлімдейді. Мұны естіген Абайдың шәкірті, әнші әрі сазгер Ә.Найманбайұлы «Алашқа» атты көлемді дастанын арнайды. Мұнда ақын А.Байтұрсынұлының соңынан еретін жұрттың жоқтың қасы екенін айтып, өкінішін білдіреді. Осылайша Ахметке қолдау білдіріп, мынадай өлең жолдарын шығарады:

*«...Алашым, басың көтер қарап жатпай,*
*Ғылым ізде ғұмырыңды босқа сатпай.*
*Ғылыммен неше түрлі кеме жасап,*
*Еуропа жүрген жоқ па суға батпай...*
*...Ахмет «40 мысал деп сөз шығарды,*
*Оны жай өлең көрдің сынап бақпай.*
*Толғансаң түсінер ең түйін сөзін,*
*Тентіреп жүргеніңше таңың атпай.*
*Ғаламдықты тастасаң ғылым іздеп,*
*Ұмтылсаң қалмас едің сірә таппай...»* [5, 34].

Дарынды ақын Әсет Найманбайұлының жазған осы өлең жолдарынан Ахмет Байтұрсынұлының халықты ғылым мен білімге шақырғанын ашық айтады. Осы арқылы ұлт ұстазының айтқан өсиетіне құлақ асуға үндейді.

Ахметтің көзі тірісінде ниеттес інісі Мағжан Жұмабаев (1893-1938) өзінің бір эпиграммасын арнайды.

*«<u>Ахмет Байтұрсыновқа</u>*
*Ақаң, Ақаң,*
*Тілек-батаң аққа жақ,*
*«Я, жаппар хақ,*
*Мен шын нахақ», -*
*Де де жат...»* [6, 215].

1927 жылы қоғам қайраткері, ақын, жазушы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы жарық көреді. Шығарма кеңестік идеологияға негізделіп жазылса да, ең үлкен артықшылығы – Алаш зиялыларының 1917 жылы 5-13 желтоқсанында ІІ Жалпықазақ құрылтайында Алаш-Орда үкіметін жасақтап, Ә.Бөкейханның үкімет төрағасы болып сайлануы жайлы алғашқы тарихи деректердің бір жерге топтастырылуы. Мұнда съезде қаралған мәселелер, қатысқан азаматтардың есімдері, съезд қаулылары және өзге де кеңестік дәуірде оқып-білуге, зерттеуге тыйым салынған маңызды тарихи оқиғалар мен басылымдардың тізімі берілді. Осы тұрғыдан алғанда С.Сейфуллинің «Тар жол, тайғақ кешу» романы - таптырмас материалдардың жиынтығы. Жазушы А.Байтұрсынұлы редакторық еткен «Қазақ» газетіне арнайы тоқталып өткенді жөн санайды: «Қазақ» газетінің қоғамда атқарған рөлі турасында жазушы былай дейді: *«Алыс болса да, жалпы Қазақстанға құлақ «орталық»*

*болуға тырысып күйін бұрып беріп отыруға тырысқан Орынбордағы «Қазақ» газеті еді. Жалпы қазақ оқығандарының рухына жел беруге әрекет қылып отырған «Қазақ» газеті еді»* [7, 59].

Әрине, Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» Алаш арыстарына қатысты кереғар көзқарастың кезігетінін жоққа шығара алмаймыз. Сонда-дағы С.Сейфуллин осы шығармасында Ахмет Байтұрсынұлының «Алаш-Орда» оқу-ағарту комиссиясының төрағасы болып сайланғанын және «Қазақ» газетінің бас редакторы болғаны жөнінде мәлімет келтіреді. Сонымен қатар, 1923 жылы Ахметтің 50 жасқа толған мерейтойында Сәкен мақала жазып («Еңбекші қазақ», 1923 жыл қаңтар), Алаш арысына шынайы баға береді: *«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді...».*

Сәкентанушы ғалымдардың пікірінше де, Сәкен Ахметке өзінің шығармаларында бір рет те тіл тигізбеген: *«Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінде Ахмет Байтұрсыновтың атын атап, түрін түстеп, артық сөз айтпайды»* [8, 191].

Демек, С.Сейфуллин Ахметтің ұлтқа сіңірген еңбегін жоғары бағалағанына ешқандай күмән келтіре алмаймыз.

Саяси репрессиялар күшейген тұста қазақ зиялыларының басына бұлт төнгені тарихтан белгілі. 1928 жылы А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, темір тордың ар жағынан бір-ақ шыққанын сөзімізге дәлел бола алады. Осындай күрделі кезеңде Ахметтің жеке басына саяси айыптаулар тағылып қана қоймай, әдебиеттегі көркем бейнесіне де шабуыл жасалды. Кеңес дәуірінде өмір сүрген жазушылардың шығармаларында бұл құбылыс кең етек жайды. Алаш ардақтыларына қиын-қыстау заман тумай тұрған кезде олармен тығыз қарым-қатынаста болған сөз зергері Б.Майлиннің (1894-1938) шығармашылығында біраз саяси реңкі бар тұстарды байқауға болады. Б.Майлин кеңес кезеңінде өмір сүргендіктен, 1927-1938 жылдары Алаш арыстарын әдебиетте жаппай қаралау дәуірінен құтыла алмады. Тіпті өзі де кейінірек қудалауға ұшырап, барша қазақ зиялыларымен бірге ату жазасына кесілгені мәлім. Сонда да қанды 1937-1938 жылдарға дейін жазылған Б.Майлиннің «Батыр большевик» повесіне тоқталуға мәжбүрміз.

«Батыр большевик» повесі тарихи кезеңді суреттегенмен, тарихи шындыққа қатысы шамалы екенін бірден айқындап алғанымыз жөн. 1936 жылы Кеңес үкіметінде бұрынғы азамат соғысына қатысып құрбан болған тұлғаларды аяқ-астынан насихаттау үдерісі жүеге асып жатты. Мәскеуде азаматтық соғыстың құрбаны В.Чапаевқа құрмет көрсетіліп, кинофильм түсірілді, көркем шығармалар мен естелік мақалалар жазылды. Алматыда қазақ жерінде кеңестер билігін орнатуға белсенді атсалысқан Амангелді Имановты (1873-1919) ұлықтау науқаны басталып кетті. Алдымен, 1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына орай деген желеумен, «Амангелді» фильмі, пьесасы жазылды. Іс жүзінде, бұл әрекеттер А.Имановты мадақтау емес, Алаш қайраткерлерін жаппай қаралауға бағытталғаны тек уақыт өте келе байқалды. Ал, сол дәуірде үкімет таратқан барлық ақпарат шындық болып есептелді, қазақ зиялыларына жағылған күйе де қалың көпшілік пен ғылыми ортаға ақиқат болып көрінді.

Сонымен, «Батыр большевик» повесі А.Имановтың батыл әрекеттерін суреттеуге бағытталды. Шығарманың басынан оқыған тұста бірден саяси реңкі анық байқалады. Жазушының әдетте жазатын шығармаларына мүлде ұқсамайтыны, оның стиліне келмейтіні де анық аңғарылды. Б.Майлиннің осыған дейін жазылған «Күлпаш», «Шұғаның белгісі» сияқты классикалық дүниелерінің қасында «Батыр большевик» өзінің шикілігі мен асығыс жазылғанымен көзге көрінеді. Повестің «Батыр Сардарбек» атты бөлімінде 1916 жылы Торғай өлкесінде орын алған көтеріліс төңірегінде болған әңгімелер қозғалады. Негізгі мәселе – осы көтеріліске қатысты Алаш арыстарының ұстанымы туралы сөз қозғау. Бас кейіпкер Аманкелді халықты көтеріліске біріктіруші жасампаз әскербасшы түрінде көрінеді. Ал, «халықты қанаушы» антагонист кейіпкерлер қатарында Әлихан, Ахмет пен Міржақыптың есімдері аталады. Антагонисттер шығармада халық арасына іріткі салып, Ресейлік патша үкіметіне қазақ жігіттерін ұстап беруге тырысқан биліққұмар, ақшаға құныққан қаныпезерлер бейнесінде суреттеледі. Шығармадан қысқа үзінді келтіреміз:

*«Ахмет, Мыржақыптар тек өкілдерді ұстап алып, соларды үгіттеумен ғана тынған жоқ. «Қазақ» газеті 15-жылдан бастап «қазақ атты әскер бола ма, жаяу әскер бола ма» деген үлкен пікір алысу науқанын ашып еді, оның арғы түбі ақ патшаға 16-жылдың июнь айынан бастап патша түскенше қозғалыспен алысып жатты. Әлихан, Ахмет, Мыржақып үшеуі қол қойып, әуелі былай деп жариялады:*

*«Көтерілген елдер бізді де осы бұзақылықты жақтайды деген өсек таратып жүрген көрінеді. Біздің атымызды сатып, бізді де патшаға қарсы деп көрсетіп, бүкіл қазақ елін соңдарына еріткілері келетін көрінеді. Бұл өтірік, бұған нанбаңдар» («Қазақ» газеті, 191-саны)...»* [9, 312].

Келтірілген үзіндіден, 1916 жылы Әлихан, Ахмет, Міржақыптарды көтеріліске қарсы шығып қана қоймай, Ресейдің ақ патшасына адал қызмет еткендер қатарында болғанын байқаймыз. Іс жүзінде, қалай болғанын тарихшылар мен әдебиетшілер зерттеулеріне қарасақ, Алаш қайраткерлерінің шынайы бейнесіне көзіміз жетеді. 1916 жылғы көтеріліске Алаш қайраткерлінің ұстанымы – халықты патшаның жазалау отрядынан аман сақтап қалу еді. «Қазақ» газеті арқылы А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сияқты зиялылар патшаның әскеріне қарсы қан төкпеуге, бүлік пен тонаушылықты тоқтату жөнінде үндеулерін жолдайды. Ақыры, ер-азаматтарды қара жұмысқа алып кеткенін білген кезде, Әлихан, Міржақып бастаған зиялылар қоса аттанып, қазақ жұмысшыларының елден жырақтағы тұрмыстық мәселелерін шешумен айналысады. Бұл айтылған мәселенің барлығы тарихи тұрғыдан дәлелденіп, бүгінгі күні мектеп оқулықтарына еніп үлгерген тәуелсіз қазақ елінің тарихы екенін білеміз. Ал, «Батыр большевикте» айтылған көзқарасқа келсек, бұл сол кездегі кеңес билігінің Алашқа жасаған қиянаты деуге толық негіз бар. Бұл шығарма арнайы саяси тапсырыспен жазылғаны байқалады, бірақ жазушы Б.Майлинді бұл істе кінәлі деп айтуға келмейді. Оған себеп, жоғарыда аталғандай, бұл повесь жазушының өздігінен ізденіп, осы тақырыпқа қызығушылық танытып, арнайы дайындықпен және көркемдік ерекшелігі тұрғысынан шоқтығы биік туындысы емес. «Батыр большевик» – бар-жоғы кеңестік жалған идеологияның шикі жемісі ғана. Қаншалықты әлсіз шығарма болса да, елемеу кетуге болмады, себебі бұл туынды еліміздің барлық кітапханаларында көпшілікке арналған қорында тұр. Бұл шығармада А.Байтұрсынұлының жеке басы қанша қараланса да, тәуелсіздік тұсында тұлғаның тарихтан өз орнын алып жатқанына көзіміз жетті.

Ахмет Байтұрсынұлының ақындық шеберлігі мен аса дарындылығы шетелде туып-өскен қандас ақын Таңжарық Жолдыұлының (1903-1947) шығармашылығында да көрініс тапқан:

*«Ахмет атын бұзып, болды «Маса»,*
*Сөз жазды қос тыртысты, беті таса.*
*«Ұйқыңды ызылдасам, бөл» деп еді,*
*Көрмедім, ұққан адам оны да аса.*
*«Сықылды сынық бұтақ төмендемей,*
*Жұлғызба жемісіңді» - деді, «Жаса!»*
*Қайтесің оны да ел тыңдамаса...»* [5, 104].

Таңжарықтың үзіндісі жоғарыда аталған Әсеттің өлеңімен үндес келетіні анық байқалады. Демек, Т.Жолдыұлы да Алаш қайраткерлерінің көзқарастарын қолдап, әсіресе, Ахметтің «маса болып ызыңдап», халықтың отарлық бұғаудан құтылуға шақырғанын мәлімдеп отыр.

Кеңес қазақ әдебиетінің патриархы атанған Сәбит Мұқановты (1900-1973) шығармашылығына бұл тұста ат басын бұрмау үлкен қателік болар еді. Оған себеп С.Мұқанов Алашорда тақырыбының жілігін шағып, майын ішкен зор майталманы болды десек, артық айтқанымыз емес. Бүгінгі таңда Сәбиттің кейбір пікірлері мен ойларын көзімен шолып қалған оқырман қауым үшін оның Алаш жайлы жазғандарына сараптаманың қажет екенін анық аңғартты. Жазушы қазақ зиялыларының көзін көргенін жақсы білеміз. Кейбір жазбаларындағы Алаш арыстарына берген бағаларын өзінің таптық күресте «байшыл-

ұлтшылдарды» қолдамағаны не дұрыс түсінбегені деп білеміз. Сәбитті жазғыру, қаралау мақсатында емес, шын мәнінде жазушының ойларына көңіл бөлу ендігі мақсатымыз болмақ. Бастамас бұрын, сәбиттанушы Қ.Ергөбектің пікіріне зер салайық: « *«Жұмбақ жалау» әуел бастан тап тартысына құрылған шығарма. «Өмір мектебі» мемуарлық шығармасында да автор Қазақ республикасының отыз-қырық жылдық саяси өмірін таптық тұрғыдан әңгімелейді. Сол себептен де өзі бала жасында көп жақсылық көрген Нұртаза, Абылай қажы секілді ауқатты кісілердің қадір-қасиетін тартына баяндаған. Сол себептен де* ***А.Байтұрсынов****, Ә.Бөкейханов, С.Қожанов, М.Жұмабаев секілді қайраткерлерді ұнамсыз кейіпкер райында, іс-әрекеттерін өсіре типтендіріп көрсетті...*» [10, 195].

Осы пікір арқылы мынадай тұжырымға келуге болады: С.Мұқанов кеңестер билігінің таптық күресті жеңіп, қара халыққа теңдік әперу мифіне шынайы сенім білдіргені анық. Сәбит өзі де қарапайым отбасыда дүниеге келген, жоқшылықта өмір сүрген. Есейген тұсында жаңа үкімет орнап, әділдік пен бақыт әкелеміз десе, сенбеу мүмкін емес көрінген. Сол себепті қаламгердің көптеген шығармасынан кеңестік идеологияның салқыны сезіледі.

